Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттарын рәсімдеу.

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту.

Денсаулығы бойынша тіркеуде тұратын оқушылармен жұмыс жүргізу. Үйде оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау және үйде оқыту жұмыстарының орындалуын қадағалау.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және обылыс білім басқармасымен және аудандық білім бөлімімен «Мектепке жол» акциясы басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру.

Мектеп жанындағы жазғы демалыс орталықтарына, жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау.

№	Іс шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Құжаттармен жұмыс: -Жылдық жоспар -Аз қамтыған отбасы -Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасы туралы мәліметтер жинау -Ата-анаға кеңес беру журналын және оқушының үйіне баруын тіркеу журналын арнау -қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарын бекіту	Тамыз Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
2	Мектепке жол акциясы Жалпыға міндетті оқуды жүзеге асыру айлығын ұйымдастыру	Тамыз Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
3	Жағдайы төмен және көп балалы толық емес отбасылардың тізімін жасау	Қыркүйек қаңтар	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші
4	Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар арасынан мектепте бір мезгіл ыстық тамақты ұйымдастыру, олардың тамаққа уақытылы баруын қадағалау, құжаттарын жинақтау, тұрмыс жағдайымен танысу.	Жыл бойында	Тәрбие ісінің меңгерушісі Әлеуметтік педагог Сынып жетекші Медбике
5	Әр сыныптың әлеуметтік картасын толтыру	Қыркүйек Қаңтар	Әлеуметтік педагог
6	Әлеуметтік –педагогикалық диагностика негізінде мектептің әлеуметтік паспортын дайындау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші
7	Отбасының әлеуметтік -тұрмыстық жағдайын тексеру актісін толтыру	Жыл бойында	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші
8	Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың құжаттарын жинақтау	Қыркүйек Қаңтар	Әлеуметтік педагог
9	Жетім балалардың қорғаншыларымен және қамқоршыларымен кездесу	Қазан	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші
10	Жетім балалардың қорғаншыларынан есеп алу	Ай сайын	Әлеуметтік педагог
11	«Біз Салауатты өмірді қолдаймыз!» СПИД-ке, қарсы апталық ұйымдастыру	Желтоқсан	Тәрбие ісінің меңгерушісі Әлеуметтік педагог Сынып жетекші Медбике
12	Оқушыларды облыстық, аудандық жаңа жылдық әкім шыршасына қатыстыру	желтоқсан	Әлеуметтік педагог
13	Әлеуметтік –тұрмыс жағдайын анықтау мақсатында олардың үйіне бару	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші

14	«Сенің отбасың қандай?» Рейд (оқушылардың үйлеріне бару)	Үнемі	Тәрбие ісінің меңгерушісі Әлеуметтік педагог Сынып жетекші Мектеп инспекторы
15	Денсаулығы нашар оқушыларды жалпылама медициналық тексеру жұмыстары жүргізу	Сәуір	Әлеуметтік педагог Медбике
16	«Қамқорлық » қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. Жетім, толық емес отбасылардың балаларына көмек көрсету мақсатында	Тамыз Қазан Ақпан Наурыз	Әлеуметтік педагог Мектеп ұжымы Сынып жетекші
17	Мектеп жоспарына байланысты педагогикалық кеңестерге , отырыстарға , дөңгелек столдарға, конференцияларға, т.б. қатысу.	Жыл бойында	Әлеуметтік педагог
18	«Қарты бар ел-қазыналы ел» тақырыбында мүгедек ата-аналарға көмек көрсету.	Қазан	Әлеуметтік педагог Ағатәлімгер Тәрбие ісінің меңгерушісі
19	Бастауыш сынып оқушыларына арналған тренинг жаттығулар өткізу «Ормандағы ағаштар» ойыны, «Керісіншелер елі»		Әлеуметтік педагог Психолог
20	Әлеуметтік –тұрмыс жағдайын анықтау мақсатында олардың үйіне бару	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог Сынып жетекші
21	«Түпсіз тұңғиыққа қадам» тақырыбында, бейресми жастар бірлестіктері, секталар туралы әңгіме, пікірталас ұйымдастыру	Ақпан	Тәрбие ісінің меңгерушісі Әлеуметтік педагог Сынып жетекші Психолог Мектеп инспекторы
22	Сіз қандай ата-анасыз? Ата-аналардан сауалнама алу.	Қараша Сәуір	Тәрбие ісінің меңгерушісі Әлеуметтік педагог
23	Оқушылар арасында «Мен қандаймын» тақырыбында сауалнамалар алу	Жыл бойында	Әлеуметтік педагог
24	Ата-анамен жұмыс: «Ата-ананың азаматтық борышы: бүгін мен ертеңі»	Сәуір	Тәрбие ісінің меңгерушісі Әлеуметтік педагог Сынып жетекші Психолог
25	«Адам және оның құқықтары» тақырыбында тренинг сабақ өткізу.		Әлеуметтік педагог және психолог
26	Көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасылардың балаларын демалыс орталықтарына жіберу	Жыл бойында	Тәрбие ісінің меңгерушісі Әлеуметтік педагог Медбике
27	Әлеуметтік қорғаудағы балалардың бос уақыты мен жазғы демалысын ұйымдастыру	Мамыр	Тәрбие ісінің меңгерушісі Әлеуметтік педагог Сынып жетекші
28	Әлеуметтік педагогтардың семинарларына қатысу	Дер кезінде	

29	Біліктілік арттыру курстарынан өту	3 жылда 1 рет	
30	Өз білімін үнемі жетілдіріп отыру	Үздіксіз	

**«Тіл – әр ұлттың мақтанышы» аттты тіл апталығын өткізуге
арналған іс-шаралар жоспары**

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізілетін орны	Жауаптылар
1.	Жиынның ашылуы		Альсеитова А. Стамкулова А. Тұрғынбаев Ж.
2.	«Тіл – татулық тірегі» спорттық сайыс 5-6 сыныптар	Аулада	Ағабаев А. Эюпов Я. Есіркепов Б.
3.	Мәнерлеп оқу байқауы (Тіл,Отан,туған жер туралы) Поэзия на трёх языках 8-11 сыныптар	Акт залы	Тогысбаева Г. Стамкулова А. Касимова Г.
4.	Мәнерлеп оқу байқауы(Тіл,Отан,туған жер туралы) Поэзия на трёх языках	Акт залы	Тогысбаева Г. Бәрпі Н. Тұрысбекова А. Касимова Г

	5-7 сыныптар		
5.	«Жас ақындар сайысы» 5-11 сыныптар	Кітапхана	Пірімқұлова З. Бекбосынов Т. Сәрсенбаева А
6.	«Тәрбие басы – тіл» Сайыс сабақ 5-сыныптар	29 кабинет	Ажибекова Д. Бертекеева А.
7.	Дөңгелек стол 8 «А» сынып	29 кабинет	Стамкулова А.
8.	«Тілі бірдің – тілегі бір» сурет байқауы 5-6 сыныптар	Аулада	Қарабалаев Б. Мурзина Н.
9.	«Тілдер фестивалі» (үш тілде) 8-11 сыныптар	Акт залы	Тұрысбекова А. Альсеитова А. Шукирова З.
10.	«Тіл менің – тарихымның куәсі» Тәрбие сағаты 6 «Б» сынып	15 кабинет	Бекбосынов Т.
11.	Апталықтың жабылуы (марапаттау, атап өту)	Акт залы	Қазақ тілі пәні мұғалімдері тәлімгер

Мектеп психологтарының 2023 – 2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары

ҚЫРКҮЙЕК					
№		1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
1	Психодиагностикалық бағыт	1-сыныптың мектепке психологиялық дайындығын анықтау. Йерасек-Керн тесті. «Ер адамның суретін салу», «Әріптерді көшіріп салу», «Бір топ нүктелерді көшіріп салу» әдістемелері.	Бестерек жобасы аясында «Кабинеттік талдау» жұмыстарын жүргізу: Әлеуметтік педагогтың мәліметтері Мектеп инспекторының мәліметтері Мектеп медбикесінің мәліметтері Сынып жетекшінің талдауы	Бестерек жобасы аясында эссе алу: «Менің отбасым» 5-7 сынып «Менің досым» 8-9 сынып «Менің арманым» 10-11 сынып	Бестерек жобасы аясында сауалнама алу

2	Консультациялық бағыт	Баланы мектепке даярлау барысында отбасы мен мектептің бірлескен жұмыстар туралы ата-аналарға кеңестер беру.	Бестерек жобасы аясында «кабинеттік талдау» жұмыстарын жүргізу бойынша мамандарға кеңес беру	5-11 сынып оқушыларынан алынған эссе нәтижелерін сынып жетекшімен бірге талдау, кеңес беру	4-сынып оқушыларының таным процестері төмен оқушыларының ата-аналарымен сынып жетекшілерімен кеңестер беру.
3	Ағартушылық-профилактикалық бағыт	«Сынып ұжымы арасындағы қарым-қатынастағы кикілжіңнің алдын-алу» сынып жетекшілері баяндама.	Жас маманға өзін-өзің Айқындауға психологиялық қолдау	Сынып ұжымына психологиялық мінездеме толтыру	Оқушының психологиялық диагностикасы толтыру
4	Түзету – дамытушылық бағыт	Бастауыш сыныптарға қабылданған балалардың мектеп күн тәртібіне бейімделуіне арналған сауықтыру іс-шаралар			
5	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт	«Кел балалар, танысайық!» , «Бетперделер», «Үзіліс уақытысында не істеуіміз болады?»тренингі 1-сынып оқушыларымен	«Достық жылы күлуден басталады», «Жел соғадан сурет»тренингі 2-сынып Оқушыларымен	«Мейірімді есім», «Менің атым қандай?»тренингі 3-сынып оқушыларымен	«Күн шуағы», «Менің егіздерім», «Ұлдар мен қыздар»тренингі 4-сынып оқушыларымен
		Инклюзив және үйде оқытылатын оқушының құжаттарын реттеу.(мінездеме, дәрігер тексеру, түзету- дамыту сабағының жоспарын жасау.)	Алынған жұмыстарға интерпретация жүргізу, кабинеттік талдау нәтижесін қорытындылау	Мектепке оқуға психологиялық дайындығын анықтау бойынша талдау жұмыстары	Сенім және өзін-өзі бағалау жұмысы

ҚАЗАН

№		1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
1	Психодиагностикалық бағыт	.	«Бес терек» 5 -7 сыныптар эссе «Менің отбасым!»	8 – 9 сынып эссе « Менің ең жақын досым!»	10 – 11 сынып « Менің арманым!» эссе

2	Консультациялық бағыт	Сұраныс бойынша мұғалімдерге, оқушыларға ата – аналарға кеңес беру.	ҰБТ – ға дайындық «Табысқа жол».	Диагностика қорытындысы бойынша оқушымен жеке кеңес жүргізу.	Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына оқу проблемалары бойынша жеке консультациялар беру (сұраныс бойынша)
3	Ағартушылық-профилактикалық бағыт	1 – сыныптардың және мектеп алды дайарлық топтарының сынып жетекшілеріне арналған ұсыныстар.	«Дарынды бала, мүмкіндігі шектеулі бала» «қиын» отбасындағы бала туралы сынып жетекшілерме әңгіме жүргізу.	Сынып жетекшілерге девиантты оқушылармен жұмыс жасауға көмектесу (жыл бойыны).	Өтініштен бойынша ата – аналар жиналысына қатысу (жыл бойына).
4	Түзету – дамытушылық бағыт	8 – 11 сынып оқушылармен «Критикалық жағдайдан шығудың техникасы мен әдістері» туралы әңгіме жүргізу.	Агрессивтіліктің, жағымсыз эмоциялардың алдын алу және азату туралы жаттығулары. (8–11) сыныптар	«Досты жылы күлуден басталады» сынып пен келген оқушылармен әңгіме жүргізу.	«Мұғалімдермен эмоциялары бақаруды үйрену» туралы әңгіме жүргізу.
5	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт	Мектеп оқушыларына психологиялық дамуының жеке және топтық карталарын құру	«Бес Терек» жобасы бойынша бірлеске жұмыс (инспектор, медбике, әлеуметтік педагог, сынып жетекші) .	Орындалған жұмыс хаттамаларын өңдеу және түсіндіру.	Сенім жәшігімен жұмыс

ҚАРАША					
№		1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
1	Психодиагностикалық бағыт	8 – 11 сынып оқушылар арасында «Үй. Ағаш. Адам» АРТ – терепиялық әдістемесі.	5 – 7 сынып оқушылар арасында «Үй. Ағаш. Адам» АРТ – терепиялық әдістемесі.	«Бес Терек» жобасы бойынша 5-7 сынып оқушыларына сауалнама жүргізу.	«Бес Терек» жобасы бойынша 11 сынып оқушыларына сауалнама жүргізу

2	Консультаци ялық бағыт	Сұраныстар бойынша мұғалімдерге, оқушыларға және ата – аналарға кеңес беру.	Мамандақ таңдауға байланысты кеңестер беру.	Мұғалімдердің өтініш бойынша, оқушылармен қарым – қатынас мәселесі бойынша кеңес беру. (жеке және топтық)	Диагностика нәтижелері бойынша оқушылармен жеке консультациялар.
3	Ағартушыл ық- профилакти калық бағыт	«Мектептегі қорлау, кибербуллинг» тақырыбында мұғалімдермен әңгіме жүргізу.	« Мектептегі қорлау, кибербуллинг» тақырыбында оқушылармен әңгіме жүргізу.	« Мектептегі қорлау, кибербуллинг» тақырыбында ата – аналарға жаднама	1 және 5 сынып оқушылары мектепке бейімдеу бойынша мұғалімдерге ұсыныс беру.
4	Түзету – дамытушыл ық бағыт	Диагностика нәтижелері бойынша оқушылармен жеке және топтық сабақтар	Оқушыларға, ата – аналарға және мұғалімдерге жеке консультациялар (сұраныс бойынша)	Оқушыларға өзін – өзі бағалауды, сенімділікті арттыру және қорқынышты жеңу бойынша ұсыныстар беру.	Таным процессін дамытуға арналған жаттығулар
5	Әлеуметтік- диспетчерлік бағыт	Ерекеше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың тұмыстық және тұрмыстық жағдайларын емтихан актісін жасау.	Ерекеше қызығушылық тудыратын сабақтарда топтық жұмыс.	Орындалған жұмыс хаттамаларын өңдеу және түсіндіру.	Сенім жәшігімен жұмыс

ЖЕЛТОҚСАН

№	1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
---	--------	--------	--------	--------

1	Психодиогностикалық бағыт	Басса – Дарки әдістемесі 8 – 11 сынып аралығында.	5 – 11 сынып оқушылар арасында «Менің отбасым» АРТ – терепиялық әдістемесі.	5 – 7 сынып оқушылар арасында «Аяқталмаған сөйлем» АРТ – терепиялық әдістемесі.	8– 11 сынып оқушылар арасында «Аяқталмаған сөйлем» АРТ – терепиялық әдістемесі.
2	Консультациялық бағыт	«Балаға емтиханға дайындалудаға, менің көмегім» тақырыбындағы ата – аналарға кеңес беру.	Сұраныстар бойынша мұғалімдерге, оқушыларға және ата – аналарға кеңес беру.	Жүргізілген диагностика қорытындысы бойынша кеңес беру.	I-жарты жылдықтың қорытындысы
3	Ағартушылық-профилактикалық бағыт	Диагностика нәтижелері бойынша ата – аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар (Сұраныстар бойынша)	«Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық» тақырыбында 8 11 сынып оқушылармен түсіндірме әңгіме жүргізу.	Дивантты оқушылардың ата – аналарына көмек (тәрбие сәттерін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар)	I-жарты жылдықтың қорытындысы
4	Түзету – дамытушылық бағыт	Оқушыларға өзін – өзі бағалау, сенімділік пен қорқынышты жеңу бойынша кеңестер.	Диагностика нәтижесі бойынша оқушылар мен жеке және топтық сабақтар.	Қыздарға дәріс өткізу	Оқушыларға ата – аналарға және мұғалімдерге жеке консультациялар (сұраныстар бойынша)
5	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт	Жыныстық тәрбие қыздар және ұлдар клубтарымен жұмыс	« Мамандық таңдау» бойынша 8-11 сыныптармен сұхбат жүргізу	Орындалған жұмыстарды, хаттамаларды өңдеу және түсіндіру.	I-жарты жылдықтың қорытындысы

ҚАҢТАР					
№		1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
1	Психодиогностикалық бағыт	9 – сынып оқушыларына темерамент әдістемесі.	5-11 сынып оқушыларының қабылдауының жетекше түрін (репрезентативті жүйе) анықтау.	9 – 11 сынып оқушыларына Дж.Голланда, А.Е. Голмштока әдістемесі.	«Бес терек» «Мен кімін» әдістемесі.

2	Консультациялық бағыт	ҰБТ. Дайындық барысында мұғалімнің оқушының жеке ерекшеліктері мен таныстыру.	Сұраныстар бойынша мұғалімдерге, оқушыларға және ата – аналарға кеңес беру.	Жүргізілген диагностика қорытындысы бойынша кеңес беру.	ҰБТ – ға дайындық «Табысқа жол».
3	Ағартушылық-профилактикалық бағыт	5 -11 сынып оқушылармен «Біз салауатты өмір салты үшін!» тақырыбында түсіндірме әңгіме жүргізу.	Диагностика нәтижелері бойынша ата – аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар (Сұраныстар бойынша)	«Мен мамандық тандаймын» тақырыбында 9 – 11 сынып оқушылармен кәсіп бағдар беру жұмысы.	ҰБТ – ға дайындық бойынша ата – аналарға оқушыларға және мұғалімдерге ұсыныстар
4	Түзету – дамытушылық бағыт	Оқушылардың, ата – аналарының және мұғалімдердің жеке консультациялары (Сұраныс бойынша).	Жас мамандарға сұраныс бойынша көмек көрсету.	Диагностика нәтижесі бойынша оқушылар мен жеке және топтық сабақтар.	Мотивация деңгейін арттыруға арналған жатығулар.
5	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт	«Тұлғаның қалыптасуына ата – ананың тәрбие беру стилінің әсері» тақырыбында әңгіме жүргізу.	Тақырыптар бойынша ұсыныстар «Ата – ана арасындағы қатығыстар және балалар»	Орындалған жұмыстарды, хаттамаларды өңдеу және түсіндіру.	Сенім жәшігімен жұмыс

Ақпан					
№		1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
1	Психодиагностикалық бағыт	10 – сынып оқушыларына темерамент әдістемесі.	5-11 сынып оқушыларының мінезінің акцентуациясын анықтау.	5 – 11 сыныптарына Сауалнама «Оқушылардың тәрбие деңгейі»	«Бес терек» А.Н. Волкованың әдістемесі.

2	Консультациялық бағыт	9 – 11 сынып оқушыларына «Мамандық таңдау» тақырыбы бойынша жеке кеңес беру.	Сұраныстар бойынша мұғалімдерге, оқушыларға және ата – аналарға кеңес беру.	ҰБТ – ға дайындық «Табысқа жол».	Сұраныс бойынша оқушыларға ата – аналарға және мұғалімдерге кеңес беру
3	Ағартушылық-профилактикалық бағыт	«Оқушылардың оқу іс – әрекеттерін ынталандыру әдістері» тақырып бойынша ұсыныстар.	«Бала бойына мейірімділікке тәрбиелейміз» тақырыбында дебат.	Диагностика нәтижелері бойынша ата – аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар (Сұраныстар бойынша	Тақырыптар бойынша ұсыныстар «Ұжымға әсер етудің әкімшілік әдістері».
4	Түзету – дамытушылық бағыт	Оқушылардың, ата – аналарының және мұғалімдердің жеке консультациялары (Сұраныс бойынша).	«Девиантты мінез құлықты оқушылармен тәрбиелік алдын алу жұмыстарының формалары»	Диагностика нәтижесі бойынша оқушылар мен жеке және топтық сабақтар.	Сөйлеуді белсендіруге сөздік қорын толықтыруға ықпал ететін жаттығулар
5	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт	Дәріс тақырыбы «Компьютерлік ойындарға психологиялық тәуелділік»	«Ұжымдағы психологиялық климат» тақырыбына лекция.	Орындалған жұмыстарды, хаттамаларды өңдеу және түсіндіру.	Сенім жәшігімен жұмыс

Наурыз					
№		1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
1	Психодиагностикалық бағыт	11 – сынып оқушыларына теңарамаңт әдістемесі.	5-11 сынып оқушыларының мінезінің акцентуациясын анықтау.	2 – 4 сынып оқушылар арасында «Үй. Ағаш. Адам» АРТ – терепиялық әдістемесі.	«Бес терек» Л.Б. Шнейдеранн әдістемесі.

2	Консультациялық бағыт	Сұраныс бойынша оқушыларға, ата – аналарға және мұғалімдерге кеңес беру	ҰБТ –ға дайындық және мемлекеттік емтиханғандарды тапсыру бойынша ата – аналармен түсіндірме жүргізу.	Диагностика нәтижелері бойынша ата – аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар (Сұраныстар бойынша)	ҰБТ – ға дайындық «Табысқа жол».
3	Ағартушылық-профилактикалық бағыт	Диагностика нәтижелері бойынша ата – аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар (Сұраныстар бойынша)	«Бала тәрбиесіндегі ата – ана стилінің тұлғаның қалыптасуына әсері» тақырыбы бойынша ұсыныстар.	Диагностика нәтижелері бойынша ата – аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар (Сұраныстар бойынша)	«Балаңыздың үйретіңіз және күйзеліске ұшырамауды үйреніңіз» тақырып бойынша ұсыныстар
4	Түзету – дамытушылық бағыт	Қарым-қатынаста қиындығы бар балалармен жұмыс.	Диагностика нәтижесі бойынша оқушылар мен жеке және топтық сабақтар.	Оқушылардың, ата – аналарының және мұғалімдердің жеке консультациялары (Сұраныс бойынша).	Емтихан мен ҰБТ тапсыру кезінде өзін деген сенімділікті арттыруға арналған жаттығулар
5	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт	«Педагогикалық қарым – қатынастың психологиялық негіздері» тақырып бойынша ұсыныстар.	«Балалардың дамуындағы нормалар мен ауытқулар» әңгіме жүргізу.	Орындалған жұмыстарды, хаттамаларды өңдеу және түсіндіру.	Сенім жәшігімен жұмыс

Сәуір					
№		1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
1	Психодиагностикалық бағыт	2 - 11 сынып оқушыларына «Танымдық іс – әрекет» әдістемесі.	1-11 сынып оқушыларының «Тұлға өзін – өзін бағалауын анықтау» әдістемесі.	1 – 4 сынып оқушыларының есте сақтау қабілетін диагностикалау.	5 – 11 сынып оқушыларының есте сақтау қабілетін диагностикалау.

2	Консультациялық бағыт	Сұраныс бойынша оқушыларға, ата – аналарға және мұғалімдерге кеңес беру	Жүргізілген диагностика қорытындысы бойынша кеңес беру.	ҰБТ – ға дайындық «Табысқа жол».	«Емтихан тәртібі» тақырыбы бойынша материал тарату (Ата аналарға, оқушыларға мұғалімдерге)
3	Ағартушылық-профилактикалық бағыт	«Өз бойында ұстамдылықты қалай тәрбиелеуге болады» тақырыбында психологиялық кеңес беру.	«Балаларға қатысты зорлық – зомбылық жасамау» тақырыбында сұхбат жүргізу.	Диагностика нәтижелері бойынша ата – аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар (Сұраныстар бойынша)	Түсіндірме әңгіме: «Қақтығыстың қалай шешу жолдары мен әдістері»
4	Түзету – дамытушылық бағыт	8-11 сынып оқушылармен «Командадағы жанжал» әңгіме жүргізу	Диагностика нәтижесі бойынша оқушылар мен жеке және топтық сабақтар.	Оқушылардың, ата – аналарының және мұғалімдердің жеке консультациялары (Сұраныс бойынша).	Жағымсыз эмоциялар мен күйзелістен арылуға арналған жаттығулар
5	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт	«Ата – ана мен бала арасындағы кикілжіндер» тақырыбында ата – аналар жиналысы.	Оқушылардың салауатты өмір салты ережелерін сақтау бойынша ата – аналар мен мұғалімдерге ұсыныс	Орындалған жұмыстарды, хаттамаларды өңдеу және түсіндіру.	Сенім жәшігімен жұмыс

Мамыр					
№		1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
1	Психодиагностикалық бағыт	5 – 11 сынып оқушыларына арналған «Ойлау жылдамдығы» «Ойлау икемдігі» әдістемесі.	АРТ – терапиялық әдісі «әлемде жоқ жануар» 3-4 сынып	АРТ – терапиялық әдісі «Менің отбасым» 2 - 4 сынып	АРТ – терапиялық әдісі «Кактус» 3 - 4 сынып

2	Консультациялық бағыт	Сұраныс бойынша оқушыларға, ата – аналарға және мұғалімдерге кеңес беру	Жүргізілген диагностика қорытындысы бойынша кеңес беру.	ҰБТ – ға дайындық «Табысқа жол».	ҰБТ – ға дайындық және мемлекеттік емтиханға дайындық р тапсыру бойынша ата – аналарға түсіндірме жұмыстары
3	Ағартушылық-профилактикалық бағыт	Әңгімелесу «Балалар мен жасөспірімдердің зиянды әдеттерге көзқарасы»	«Ұжымда тұлғааралық қақтығыстар қаупін азайту» тақырыбы бойынша ұсыныстар.	Диагностика нәтижелері бойынша ата – аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар (Сұраныстар бойынша	Жылдық жұмысты қорытындылау.
4	Түзету – дамытушылық бағыт	Диагностика нәтижесі бойынша оқушылар мен жеке және топтық сабақтар.	«Бірге қызық» жас мамандармен тренинг	Оқушылардың, ата – аналарының және мұғалімдердің жеке консультациялары (Сұраныс бойынша).	«Достық және достық» тренингі
5	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт	ПМПК бойынша оқушылардың құжатарын дайындау.	Орындалған жұмыстарды, хаттамаларды өңдеу және түсіндіру.	Сенім жәшігімен жұмыс	Жылдық жұмысты қорытындылау.

Ұйымдастырушы-педагогтың жылдық жоспары

Қ/с	Атқарылатын жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1	2021-2022 оқу жылында атқарылатын жұмыстардың жоспарын түзіп, бекітіру.		Педагог- ұйымдастырушы	
2	Кел, балалар, оқылық!» атты тақырыпта білім күні мерекесін атап өту	01.09.2021 ж	Мектеп ұжымы «Бастауыш сыныптар» пән бірлестігі мұғалімдері	
3	Қазақстан халықтарының тілдер күніне арналған «Тіл халықтың байлығы» атты іс – шара өтілді	қыркүйек	сынып жетекші педагог - ұйымдастырушы	
4	Ұстаздар күніне орай «Аяулы ұстазым» атты іс – шараөткізу. . (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	Қазан	педагог - ұйымдастырушы ДТІЖО тәлімгер	
5	«Салауатты ұрпақ» кіші жобасы аясында денсаулық фестивалін	Қазан	Педагог- ұйымдастырушы	

	ұйымдастыру. . (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)		дене шынықтыру пән мұғалімдері	
6	«Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының «Алтын қазына» жобасы негізінде «Күз бояуларының сыры» атты сурет байқауын ұйымдастыру.(1-5 сынып оқушыларының жұмыстарымен) . (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы .)	Қараша	педагог - ұйымдастырушы	
7	«Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес» күніне орай 6-10 сынып оқушыларына. . (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	Қараша	педагог - ұйымдастырушы сынып жетекшілер	
8	«1-желтоқсан Тұңғыш Президент күнінен» орай іс-шаралар: -«Егер мен Президент болсам...» тақырыбында эссе (2-4 сынып оқушыларына); . (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы .)	Желтоқсан	сынып жетекшілер	
9	16-Желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдығына орай. . (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы)	Желтоқсан	тәлімгер сынып жетекшілер	
10	«Қош келдің Жаңа Жыл!» жаңа жыл мерекесіне орай . (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы)	желтоқсан	педагог-ұйымдастырушы сынып жетекшілер	
11	Қысқы қаникул күндеріне арналған іс-шаралар жоспары(Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	қаңтар	ДТІЖО	
12	« Мұқағали мұрасы»Көркемсөз оқу 7-8сыныптар(Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	8 ақпан	сынып жетекшілер	
13	«Алғыс айту күні». Сынып сағаттары 5-11 сыныптар(Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	1-наурыз	сынып жетекшілер тәлімгер	
14	«Ананың аялы алақаны»- аналар мерекесін ұйымдастыру. 9-11 сыныптар(Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	наурыз	сынып жетекшілер ДТІЖО	
15	22-Наурыз « Ұлыстың ұлы күні»мерекені атап өту. (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	наурыз	сынып жетекшілер педагог – ұйымдастырушы тәлімгер	

16	«Бірлігіміз жарасқан» Қазақстан халықтарының бірлігі күні. (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	1-мамыр	сынып жетекшілер	
17	«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» . (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	мамыр	сынып жетекшілер	
18	«Сыңғырлы соңғы қоңырау» салтанатты жиынына дайындық жұмыстары. (Қол жетімді әлеуметтік желі арқылы.)	мамыр	сынып жетекшілер педагог – ұйымдастырушы тәлімгер	

"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының І-ші жарты жылдыққа құрылған жұмыс жоспары.

Бағыттары	ҚЫРКҮЙЕК			
	I апта 1-8	II апта 9-16	III апта 17-24	IV апта 24-30
«Жас Ұлан» мектеп комитеті мүшелерінің қызметі	«Жас Ұлан» ұйымының жоспарын бекіту	Сынып жетекшімен бірлесе отырып сынып белсенділерін анықтау	«Жас Ұлан» ұйымының алғашқы отырысын өткізу. Міндеттерін оқыту, қоғамдық жоспармен таныстыру	7 –бағыт бойынша мектеп комитетін анықтау.
«Зерде» бағыты				

«Руханият» бағыты	1-қыркүйек білім күніне арналған атты салтанатты жиын өткізу.			
«Отан» бағыты			«Ұланбасын» сайлау күні.	
«Салауат» бағыты	«Денсаулық фестивалі - 2021» акциясын өткізу			
«Еңбек» бағыты	Сыныптардың санитарлық талаптарын қадағалау.	Сыныптардың санитарлық талаптарын қадағалау.	Сыныптардың санитарлық талаптарын қадағалау.	Сыныптардың санитарлық талаптарын қадағалау.
«Жеті жарғы» бағыты			Қайырымды болу Ерістілер клубын құру	
«Экоәлем»		«Менің таза аулам» өз үйінің ауласын тазалау.		«Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» танымдық сабақ

Бағыттары	ҚАЗАН			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
	1-8	9-16	16-23	28-30
«Жас Ұлан» мектеп комитеті мүшелерінің қызметі			«Жас Ұлан» ұйымының жұмысын қадағалау.	Мектеп комитеті мүшелеріне алдағы іс-шараларға тапсырма беру.
Іс-шараларға «Зерде» бағыты	Ұстаздар мерекесіне орай алғыс білдіру. (Құттықтау сөздер, жылы лебіздер, ән шумақтар).	«Менің жазғы демалысым» қашықтықтан сурет сайысы. 2-4 сын.		

«Руханият» бағыты	Қарттарым асыл-қазынам қашықтықтан өткізу			
«Отан» бағыты		«Мен отбасым – менің тірегім!»шығарма жазу		
«Салауат» бағыты	Сыныптардың санитарлық талаптарын қадағалау.	Сыныптардың санитарлық талаптарын қадағалау.	Сыныптардың санитарлық талаптарын қадағалау.	Сыныптардың санитарлық талаптарын қадағалау.
«Еңбек» бағыты			«Ауылым – алтын бесігім» сенбілік ұйымдастыру	
«Жеті жарғы» бағыты		«Құқық бұзушылық пен діни экстремизм нің алдын алу» жұмыстары бойынша видеороликтер.		
«Экоәлем»	«Алтын күз - 2021». 5-8 сыныптар.			

Бағыттары	ҚАРАША			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
	8-13	15-20	22-27	29-30
«Жас Ұлан» мектеп комитеті мүшелерінің қызметі			«Жас Ұлан» ұйымының алғашқы отырысы өткізу.	«Жас Ұлан» ұйымына қабылдау жұмыстары бойынша дайындық жүргізу
«Зерде» бағыты				

«Руханият» бағыты				1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған іс-шара.
«Отан» бағыты		Қайырымдылық шарасын ерікті Жас Ұландықтармен ұйымдастыру.		«Телефонның пайдасы мен зияны» видеороликтер көрсету.
«Салауат» бағыты	«Гигиеналық тазалық және вирустық инфекциядан қалай қорғанамыз»		Зиянды әдеттерден сақ бол!». Баяндамашы: Тәлімгер 9-10 сыныптар	
«Еңбек» бағыты				
«Жеті жарғы» бағыты		«Ұлттық теңгел тәуелсіздігінің символы» эссе жазу 5-9 сыныптар		
«Экоәлем»				«Үй жағдайындағы гүл күтімі» қыз балалардың шеберлігі

Бағыттары	ЖЕЛТОҚСАН			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
	2-9	10-17	18-25	27-29
«Жас Ұлан» мектеп комитеті мүшелерінің қызметі			«Жас Ұлан» ұйымының бағыттары бойынша тапсырмалар беру.	«Жас Ұлан» мектеп комитетінің жұмысын қашықтықтан қадағалау.
«Зерде» бағыты		Тәуелсіздік күніне дайындық жұмыстары		«Менің жетістіктерім» челлендж жасау.

«Руханият» бағыты		ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс-шара.		Жаңа жыл мерекесі
«Отан» бағыты		ҚР Тәуелсіздігіне орай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымы қатарына қабылдау салтанатты жиынын сыныпта санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізу.		

**Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарының
2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.**

Р/с	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жаңа оқу жылына сынып бөлмелерінің дайындығын қадағалау. Мектеп тазалығын сақтау. Өрт қауіпсіздігіне қарсы іс-шараларын тексеру.	Қыркүйек	Барлық мұғалімдер қатысады
2	Мектеп ауласын тазартып, құраған ағаштардан тазарту, қысқы мерзімге отын-су дайындау, арықтарды тазалау.	Қазан	Тех.қызметкерлер
3	Мектеп ғимаратын қысқы мерзімге дайындау. Қазандықты жұмыс істейтін от жағушы-ларды қысқы мерзімге дайындау. Мектептің құнды және	Қараша	Директор, шаруаш.ісінің менгерушісі Е.Утеев

	құнсыз мүліктерін түгелдеу, инвентаризация жүргізу		
4	Мектеп тазалығын сақтау. Жағылған отынды күнделікті қадағалау және де мектеп бөлмелерінің нормаға сай температураларының сақталуын қадағалау	Желтоқсан	Шаруаш.ісінің меңгерушісі Е.Утеев
5	Мектеп ауласын және арықтарды күнделікті қардан тазалауын қадағалау. Сынып бөлмелерін таза болуын және температурасын нормаға сай болуын қадағалау.	Қаңтар	Директор, шаруаш.ісінің меңгерушісі Е.Утеев
6	Мектеп тазалығын қадағалау, күнделікті қазандықтағы жұмыс барысын қадағалау	Ақпан	Шаруаш.ісінің меңгерушісі Е.Утеев
7	Мектеп тазалығын сақтау	Наурыз	Тех.қызметкерлер
8	Қысқы мерзімнің бітуіне байланысты қазандықты келесі жаңа оқу жылына дайындау	Наурыз	Шаруаш.ісінің меңгерушісі Е.Утеев
9	Мектеп ауласын қысқы маусымнан кейін тазарту, арық-арықтарды тазартып, жаңадан ағаш көшеттерін отырғызу	Сәуір	Тех.қызметкерлер. А.Қалыбаева, Г.Буртекеева
10	Мектепті ағымдағы жөндеу жұмыстарына дайындау	Мамыр	Шаруаш.ісінің меңгерушісі Е.Утеев
11	Мектеп ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізу	Маусым-шілде	Тех.қызметкерлер
12	Мектепті келесі жаңа оқу жылына дайындау. Мектеп қазандығын жаңа қысқы мерзімге дайындау және су жүретін жолдарын қысым арқылы тексеру	Тамыз	Директор, шаруаш.ісінің меңгерушісі Е.Утеев
13	Әр сенбі күні тазалық күні (мектепке қарайтын аулаларды тазалау,талдарды әктеу,күл қоқыстарды тазалау	Жыл бойы Әр сенбі	Барлық тех.қызметкерлер

М.Х.Дулати атындағы жалпы орта мектептегі барлық мамандық мұғалімдерінің міндеттері

Лауазымдық міндеттері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқытатын пәнінің ерекшелігін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін ашуға және дамытуға, тұлғаның әлеуметтенуі және жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқытудың әртүрлі нысандарын, тәсілдерін, әдістерін қолданады. Пәннің күнделікті сабақ жоспарларын құрады. Оқыту процесіне иновациялық, ақпараттық технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді мемлекеттік білім беру стандартында қарастырылған білім, білік және дағдылармен қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады, олардың оқу жоспары мен процесі кестесіне сәйкес іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Әдістемелік бірлестіктердің қызметіне және басқа да әдістемелік іс-шараларға қатысады. Кәсіби біліктілігін жүйелі арттыруды жүзеге асырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, мүдделері мен икемділіктерін, олардың отбасылық, тұрмыстық жағдайларын зерделейді. Әлеуметтік (түзету) білім беретін мекемелерде оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дамуындағы ауытқуларды барынша жұмысты жүзеге асырады.

Компьютерлік сауаттылықты ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етеді.

Ата – аналармен немесе оларды алмастырушы адамдармен байланыс жасайды. Оқу тәртібін, сабаққа қатысу режимін сақтайды. Құрал-жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды. Оқыту процесінде балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау үшін қажетті жағдай жасайды.

Қызметі туралы есеп дайындауда және тапсыруды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясының, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін,» Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы»,»сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасымен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы » заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттарымен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, пәнді оқытудың, тәрбие жұмыстарының әдістемесін, пән кабинеттері мен қосалқы орынжайларды құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету талаптарын, оқыту тәсілдерімен оның дидактикалық мүмкіндіктерін, педагогика ғылымы мен білім берудің негізгі даму бағыттары мен перспективасын айқындайтын басқа да құқықтық нормативтік актілерді, еңбекті ғылыми ұйымдастыру мен құқық негіздерін, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, психология, педагогика ғылымы мен практика жетістіктерін, еңбек туралы заңнама, қаржылық-шаруашылық қызмет негіздерін, еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғаныс, қауіпсіздік техникасы нормалары мен ережелерін, санитариялық нормалар мен қағидаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- ббіліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маманның, оның ішінде, информатика, өзін-өзі тану, музыка, бейнелеу өнері, БӘД оқытушы-ұйымдастырушы, технология, дене шынықтыру, сызу, мамандырылған білім беру ұйымдарының арнайы пәндер, жұмыс жоспарының вариативтік бөлігі курстары мұғалімдерінің

тиісті мамандық бойынша жоғары педагогикалық білімі болуы тиіс, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

- орта деңгейдегі санаты жоқ маманның, оның ішінде, информатика, өзін-өзі тану, музыка, бейнелеу өнері, БӘД оқытушы- ұйымдастырушы, технология, дене шынықтыру, сызу, мамандандырылған білім беру ұйымдарының арнайы пәндер, жұмыс жоспарының вариативтік бөлігі курстары мұғалімдерінің тиісті мамандық бойынша жоғары педагогикалық білімі болуы тиіс, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Тиісті біліктілік санатын алу үшін міндеттерді анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар пәнді оқыту әдістемесін өз бетінше әзірлей білу, белсенді оқытудың тәсілдері мен әдістерін қолдана білуі, білім алушыларды диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыра алуы, оқу тәрбие процесінде тұрақты оң нәтижелермен қамтамасыз етуі, мектептің шығармашылық топтардың, әдістемелік бірлестіктердің, білім беру ұйымының шеңберінде озық тәжірибе мектептерінің жұмысына белсенді қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білім және мұғалім лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе жұмыс өтілінсіз академиялық магистр дәрежесінің болуы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар пән бойынша оқу-әдістемелік талдау әдістерін білуі, оқытудың өзіндік жеке бағдарламаларын құра және іске асыра білуі, шығармашылық семинарларға, шығармашылық топтар жұмысына жетекшілік жасай алуы, өз жұмысында озық педагогикалық тәжірибелерді қолдана білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және мұғалімдік лауазымда еңбек өтілі кемінде 4 жыл, немесе ғылыми немесе академикалық дәрежесінің болуы және мұғалімдік қызметте еңбек өтілі кемінде 2 жыл;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман:

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар жаңа оқу бағдарламаларын, жаңа педагогикалық технологияларды, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жасай білуі, оларды сынақтан өткізе алуы, өз пәні бойынша жаңа тәжірибелік тапсырмалар құрастыруы, білім берудегі өзекті мәселелерді шешуде шығармашылық топқа жетекшілік ете білуі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және мұғалімдік қызметтегі еңбек өтілі кемінде 5 жыл немесе ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы және мұғалімдік қызметте еңбек өтілі кемінде 3 жыл;

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты маман:

біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар белсенді оқытудың тәсілдері мен әдістерін қолдана білуі, білім алушылармен диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыра

алуы, оқу-тәрбие үрдісінде тұрақты оң нәтижелермен қамтамасыз етуі, шығармашылық топ, әдістемелік бірлестік жұмысына, білім беру ұйымының іс-тәжірибесінің таратылуына белсенді араласа білуі қажет.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік педагогикалық білім, мұғалімдік қызметтегі еңбек өтілі кемінде 3 жыл; Біліктілігі орта деңгейлі бірінші санатты маман:

Екінші санатты біліктілігі орта деңгейлі мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар өздігінен пәнді оқыту әдістемесін әзірлей білуі, білім алушылармен диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыра алуы; шығармашылық топ, әдістемелік бірлестік жұмысын, озат тәжірибелер мектебін басқара алуы, білім беру мәселесі бойынша педагогикалық басылымдарда жарияланымдары болуы керек.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік педагогикалық білім, мұғалімдік қызметтегі еңбек өтілі кемінде 4 жыл; Біліктілігі орта деңгейлі жоғары санатты маман:

Бірінші санатты біліктілігі орта деңгейлі мұғалімге қойылатын талаптарға жауап берумен қатар пәнді оқытудың авторлық бағдарламасын құра білуі, жаңа педагогикалық технологиялар мен оқыту бағдарламаларын жасай білуі, оларды сынақтан өткізу бойынша жұмыс жүргізу, өз пәні бойынша тәжірибелік тапсырмалар құрастыру, білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешу жөніндегі шығармашылық топтарды басқара білуі керек.

Біліктілікке қойылатын талаптар: техникалық және кәсіптік педагогикалық білім, мұғалімдік қызметтегі еңбек өтілі кемінде 5 жыл;

Бастауыш әскери дайындықтың (БӘД) оқытушы-ұйымдастыршысы үшін қосымша:

оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін ұйымдастырады. Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарымен, сынып жетекшілермен бірлесіп, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыстардың жоспарын әзірлейді, оның орындалуын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымында бастауыш әскери дайындықтың материалдық базасын күшейтуге және дамытуға, жабдықтар мен керек-жарақтардың сақталуына, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы үшін шара қолданады. Жасөспірімдерді әскери оқу орындарына іріктеуге қатысады. Білім алушыларды алғашқы әскери есепке алу жұмыстарын ұйымдастырады және өткізеді. Сабақта және сабақтан тыс уақытта бастауыш әскери дайындық сабағын өткізеді, әскери істердің негіздеріноқып-үйрену бойынша үйірмеге жетекшілік жасайды, төтенше жағдайлардағы әрекеттер бойынша тәжірибелік сабақтар мен жаттығулар өткізеді. БӘД кабинетіне және арнайы мүліктерге арналған бөлмеге жауапты болады, азаматтық қорғаныс (АҚ) жоспарын жасайды, АҚ бойынша сабақтар дайындайды және өткізеді, шұғыл жағдайларға байланысты іс-шаралар дайындайды, қорғаныс жағдайларын дайындаған, АҚ бойынша шұғыл жағдайларда жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті : «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңын, Қазақстан

Республикасы азаматын әскери есепке алудың мәселелері жөніндегі құқықтық нормативтік актілер.

БӘД оқытушы-ұйымдастырушы: жоғары педагогикалық немесе жоғары кәсіптік, тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі болуы қажет.

Шағын жинақталған білім беру ұйымдарындағы мұғалімдерге қойылатын қосымша біліктілік талаптары: жоғары педагогикалық білім немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім пән бойынша тиісті біліктілік курстарынан өту туралы сертификат болған жағдайда.

Ескерту : жұмыс оқу жоспарының бөлігінен вариативтік курс жүргізген кезде негізгі пән бойынша біліктілік санаты сақталады;

Педагогикалық білімі жоқ тиісті бейін бойынша маман жұмыс оқу жоспарының вариативтік бөлігін оқытқан кезде біліктілігі орта деңгейдегі мамандықтарға теңестіріледі;

Жоғары әскери білімі бар БӘД оқытушы-ұйымдастырушының біліктілік санатына теңестіріледі.

1995 жылға дейін орта мектептің ХІ педагогикалық сыныбын бітірген тұлғалар біліктілігі орта деңгейлі маман болып есептеледі.

Мектеп директоры Ж.К.Култаеваның лауазымдық міндеттері.

- Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысын және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады.
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру санаттарын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады.
- Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді.
- Бекітілген учаскедегі балаларды жалпы міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпы міндетті оқытумен қамтамасыз етеді.

- Оқу-тәрбие процесін ғылыми - әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді.
- Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді.
- Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқа құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.
- Педагогикалық кеңесті басқарады. Бекітілген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауды жүргізеді.
- Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмірі қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды.
- Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаны сақталуын және толықтыруын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.
- Білім беру құқығы лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауға қамтамасыз етеді.
- Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке мүлкітік, баспаналық, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланыс қолдай отырып, оларға жағдай жасайды. Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды асырап бағу үшін белгіленген мөлшерден кем емес жағдаймен қамтамасыз етеді.
- Оқушыларды қорғау және олардың денсаулығын нығайту мақсатында тамақтану және медициналық қызмет көрсету жұмысын ұйымдастырады және оған бақылау жүргізеді.
- Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына басшылық етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.
- Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметтерін өзінің құзіретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзіретінің аясында жаза белгілейді.
- Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе олардың алмастырушылармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымын танытады, қажетті есеп құжаттарын дайындауды жеке ұсынуды қамтамасыз етеді.
- Өзіне тиесілі пәндердің сапасын бақылауды басшылыққа алады.

Білуге міндетті

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы

бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді; педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын; педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды; еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Тогусбаеваның қызметтік міндеттері

1. Жалпы нұсқаулар :

- 1.1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарын қызметке мектеп директоры тағайындайды, қызметінен босатады.
- 1.2. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары тікелей мектеп директорына бағынады.
- 1.3. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары «Бала құқығы» туралы Конвенцияны сақтайды. Өз жұмысында ҚР Конституциясын және басқа да заңдылықтарын, мектептің Уставы мен ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік ережелерін еңбек шарттарын басшылыққа алады.
- 1.4. Оның жоғарғы білімі және кемі 5 жылдық пед.стажы болуы шарт.
- 1.5. Оның қызметінің негізгі бағыттары:
 - оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, басшылық жасау және бақылау жүргізу;
 - педагогикалық ұжымға әдістемелік басшылық жасау;
 - мектепте кабинеттік жүйе жасау және ұдайы жетілдіріп отыру;
 - мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру.

2. Қызметтік міндеттері.

2.1. Ол нормаланбаған жұмыс күні режимімен 40 сағатқа мөлшерленген мектеп директоры бекіткен график бойынша жұмыс істейді.

2.2. Оның негізгі міндеттері:

1. Мектеп директоры оқуға кеткенде, кезекті еңбек демалысқа шыққанда, жарамсыз парағында

болған кезде директордың лауазымдық міндетін оқу ісінің меңгерушісі атқарады.

2. II ауысымдағы оқу-тәрбие жұмысына басшылық жасау.

3. Оқу бағдарламасының орындалуын бақылау.

4. Мұғалімдердің сабақтарына ену (аптасына 5 рет) және үйірме жұмыстарына басшылық жасау.

5. Мұғалімдердің техникалық құралдар мен көрнекілікті пайдалануын қадағалау.

6. II ауысымдағы барлық электронды журналдары мен оқушылардың дәптерлерінің жағдайын бақылау және қадағалау.

7. Оқушылардың іс-қағаздарын жүргізуге басшылық жасау, оның сақталуын және пайдалануын ұйымдастыру.

8. Мұғалімдердің апталық жүктемелері бойынша тарификация жасау.

9. Оқушылар қозғалысы жөнінде есеп беру, НОБД-І есебін жасау, күнделік.kz электронды журналын қадағалау.

10. Мұғалімдердің айлық табелін жасау.

11. Мектептің өндірістік жоспарын жоспарлау

12. Оқу кабинеттерінің жабдықталуын, еңбек, сызу, қазақ тілі мен әдебиеті, сурет, ән-күй пәндерінің және факультатив сабақтардың оқытылу жағдайын бақылау.

13. Сабақ кестесін жасау.

14. Үйде оқитын оқушылармен жұмыс жүргізу және оған басшылық жасау.

15. Емтихан жұмыстарына басшылық жасау.

16. Оқушыларды «Жалпыға бірдей орта біліммен қамту» жұмыстарына басшылық жасау

17. Күнделікті сабақ жоспарын қадағалау, оны жоспарлауға көмектесу, басшылық жасау.

18. Жіберілген және ауыстырып өткізілген сабақтардың есебін алу журналын жүргізу.

19. Директормен бірлесіп сыныптарды жинақтау.

20. Оқу жоспарын жасау.

**Ғылыми - әдістемелік жұмысы жөніндегі мектеп директорының
орынбасары**

Ұ.Т. Таубазарованың міндеті.

1. Жалпы нұсқаулар :

- 1.1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарын қызметке мектеп директоры тағайындайды, қызметін босатады.
- 1.2. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары тікелей мектеп директорына бағынады.
- 1.3. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары «Бала құқығы» туралы Конвенцияны сақтайды. Өз жұмысында ҚР Конституциясын және басқа да заңдылықтарын, мектептің Уставы мен ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік ережелерін еңбек шарттарын басшылыққа алады.
- 1.4. Оның жоғарғы білімі және кемі 5 жылдық пед.стажы болуы шарт.
- 1.5. Оның қызметінің негізгі бағыттары.

- оқу тәрбие, ғылыми зерттеу , әдістемелік, инновациялық, жұмыстарды ұйымдастыру, басшылық жасау және бақылау жүргізу;
- пед ұжымға әдістемелік басшылық жасау;
- мектепте кабинеттік жүйе жасау және ұдайы жетілдіріп отыру;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру.

2. Қызметтік міндеттері.

2.1. Ол нормаланбаған жұмыс күні режимімен 40 сағатқа мөлшерленген мектеп директоры бекіткен график бойынша жұмыс істейді.

2.2. Оның негізгі міндеттері:

- әр оқу тоқсанында 5 күннен қалдырмай мектептегі оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыс жоспарын бекітіп сол бойынша жұмыс жүргізу;
- мектеп директорына өз қызметі туралы әр оқу тоқсаны біткен соң 3 күннен қалдырмай жазбаша есеп беру;
- оқу үдерісіне озат тәжірибе мен ғылыми жетістіктерін зерттеп, жинақтап енгізу жұмыстарына басшылық жасау;
- мұғалімдерге әдістемелік нұсқаулар дайындауды үйлестіру;
- педагог қызметкерлерге тақырып бойынша өз білімін жетілдіруге инновациялық бағдарлама мен технологияларды игеруге және жасауға көмек беру;
